**ЦИКЛОГРАММА**

***1 апта Қаңтар 2022 ж***

**Орта топ**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың қабылдау бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс Ата – аналармен күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. әңгімелесу Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )** | **Еркін ойын:** «Жалпы атауын ата» **Шарты:** Балалар әртүрлі суреттерді көріп,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы:ағаштар, гүлдер,жемістер, көкөністер. | **Еркін ойын:** «Құрылысшылар» Шарты: Құрастырғыштарымен құрап ойнайды. | **Құрылымдалған ойын**: «Орнын тап» Шарты: Балықтарды суреттерге сәйкестіріп орындарына орналастырады. | **Құрылымдалған ойын**: «Жартысын тап» Шарты: Суреттегі аққалалардың жартысын тауып, орналастырады. | |
| **Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)** | **«Өрт сөндірушілер» гантелмен.**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; гантелді екі жаққа созып ұстау;<br>Қолды иыққа қою; 2- б.қ.<br>Б.қ. аяқ алшақ;<br>1-2- жүрелеп отыру, қолды алға созу;<br>3-4- б.қ.<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қол алда;<br>1-2- оңға бұрылу;<br>3-4- б.қ.<br>5-6- солға бұрылу;<br>7-8- б.қ.<br>Б.қ. т.с. 1-2-алға енкейіп, гантелді еденге қою;<br>3-4- тік тұру, қол белде;<br>5-6-алға енкейіп, гантелді алу;<br>7-8-б.қ.<br>Орнында аяқты қосып жазып секіру. (20сек) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Астарың дәмді болсын!**<br>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **Пж ойын:**<br>«Жыл мезгілдері»<br>Шарты: Табиғат құбылыстарының қай жыл мезгіліне сәйкес келетінің айтады | **Құрылымдалған ойын:**<br>«Көршісін тап»<br>Шарты: Сандардың көршісін табады. | **Құрылымдалған ойын:**<br>«Жүрісін көрсет»<br>Шарты: Аңдардың жүрісін салып көрсетеді. | **Пж ойын:** « Жылы лебіз».<br>Шарты: Бір-біріне гүл сыйлау арқылы жылы лебіздерін айтады. (әдемісін, сұлусың,т.б) | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған оқу кестесі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Қысқы табиғат»<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы айтады. Сурет бойынша әңгімелеу арқылы балалардың сөздік қоры молайады. Логикалық сұрақтарға жауап береді, ойын арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды.<br>**Пж ойын:** «Қыс ерекшеліктері»<br>**Шарты:** Блумб кубиги арқылы қыс ерекшеліктерін айтады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады (4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың* | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандар еліне саяхат»**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар тез санайды,цифырларды атайды және сандарды ретімен қою біліктері бекиді. 1-ден 5-ке дейін тура және кері санайды.<br>**ПЖ ойын:** «Біреу және көп»<br>Шарты: «Біреу және көп» ұғымын ажыратып, табады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады (4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою,нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын:** «Аудармашы»<br>**Шарты:** Балалар бір – біріне допты лақтырады да, сандарды орыс тілінде айтады. Екінші топ қазақ тіліне аударып айтадыда,допты кері | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Екі Аяз» ертегісі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін атайды және олардың жағымды , жағымсыз іс-әрекеттерін айтады.<br>**ПЖ ойын: «Ойлан,тап!»**<br>**Шарты:** Есту арқылы табиғат құбылыстарын табады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады (4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою,нәтиже).*<br>**Құрымдылған ойын**: «Шыршаны безендірейік».<br>**Шарты**: Топқа бөлініп шыршаны безендіріп жарысады.<br>*Бақылаудың құрылымдалған түрі қолданылады (4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік, саралау заттық кеңістіктік дамытушы орта,* | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Бөлме гүлдері»<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Балалардың бөлме гүлдері туралы түсінігі кеңейеді. Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылықтары оянады, байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлықтары дамиды. Бөлме гүлдеріне қамқор болады<br>**Пж ойын: «Ажырат»**<br>**Шарты:** Дала гүлдерімен бөлме гүлдерін ажыратып, айтады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады (4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік, саралау педагогтің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға қолдау көрсету; диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын: «Гүлге не қажет»**<br>Шарты: Суреттердегі гүл | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою,нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын:** «Суретшінің қатесін тап»<br>**Шарты:** Суреттің қатесін табады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>(*4К моделі, сыни ойлау, командалық; коммуникативтілік, саралау заттық дамытушылық орта; педагогтің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға қолдау көрсету; диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Қар жинау»<br>**Шарты:** Шашылып жатқан қарды жинайды.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>(Маманның жоспары бойынша) | лақтырады.<br>*Бақылаудың құрылымдалған түрі қолданылады*<br>(*4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік, саралау қарқын,жылдамдық, уақыт, қызығушылық мүдде, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Қай сан жоқ?»<br>Шарты: Жоғалған сандарды табады.<br>**2. Музыка**<br>(Маманның жоспары бойынша) | *қызығушылық мүдде, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Аяз атаның шапаны»<br>Шарты: Аяз атаның шапаның түрлі-түсті бояуларымен бояйды.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарларының бізге берер сыйы»**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалардың үй жануарлары туралы білімдері кеңейеді және оларға күтім жасау дағдылары қалыптасады.<br>**ПЖ ойын:** «Сиқырлы суреттер»<br>**Шарты:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>(*4К моделі, сыни ойлау, командалық,коммуникативтілік, саралау заттық кеңістіктік дамытушы орта, диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын:** «Ыстық орындық»<br>Шарты: Суреттегі тағамдарды айтып, неден жасалатының айтады.<br>*Бақылаудың құрылымдалған* | күтіміне қажет заттарды тауып, не үшін керек екенің айтады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>(*4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік, саралау диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Кактус»<br>**Шарты:**Кактус суретін салады.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>(Маманның жоспары бойынша ) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *түрі қолданылады* (*4К моделі, сыни ойлау, командалық , коммуникативтілік, саралау заттық кеңістіктік дамытушы орта, қызығушылық мүдде, қарқын, жылдамдық, уақыт, нәтиже).* **Еркін ойын:** «Асхана» **2. Орыс тілі** (Маманның жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Маманның жоспары бойынша) | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштардағы қырауларды бақылау.** *Бақылау:* Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар | **Терезедегі қырауды бақылау.** *Жұмбақ.* Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). *Ырым.* Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі. *Бақылау:* Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** *Болжау* Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. *Мақал-мәтел* Қыс қандай болса, жаз да осындай. *Байқау:* Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. *Қимылды ойын:* ***«Бәйге»*** Балаларды әртүрлі жарысқа | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?** *Мақал-мәтел.* Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. *Бақылау:* Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатыра,сөйтіп және қырау болады.<br>Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>*Қимылды ойындар:* **«Бірінші бол»**<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br>*Еңбек:* **Мұзды жол әзірлеу.** Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену.<br>*Өз бетімен* | әрі қарай үйрету.<br>*Қимылды ойын:* **«Қасқұлақ»** (Волк) (қазақтың халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өз және әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>*Еңбек:* **Мұз жолын жасау**. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу.<br>*Өз бетімен ойындар:* Ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді)<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>*Еңбек:*<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>*Тәжірибе. Қардың қасиеттері.*<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру.<br>ААғаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>*Қимылды ойын:* **«Аю апанында»** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>*Еңбек:* Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>*Өз бетімен ойындар*: Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ойындар:* Балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | «Күшік пен мысық» ертегісін оқып беру | «Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру | Баяу музыка тыңдату | «Бесік жырын» тыңдату | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүреді.<br>Білімді кеңейту және мәдени гигиеналық дағдыларды орындайды.<br>***Доп***<br>*Бастапқы қалып*: аяқ бірге<br>1.Допты секірте отырып, екі аяқпен секіру<br>Бастапқы қалыпқа келу<br>***Өз денемізді тыңдаймыз***<br>*Бастапқы қалып:* аяқ бірге денемізді бос ұстау<br>1.Тыныштықты сақтай отырып, демімізді тыңдаймыз, анықтаймыз<br>Шығуын тыңдаймыз, анықтаймыз<br>2.Тыныс алу шығару арқылы денеміздің қай бөлігі қозғалатының бақылау<br>3.Жай тыныс алу<br>4.Дыбыс шығарып, тыныс алу<br>Бастапқы қалыпқа келу | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Пж ойын:** «Не қалай жүреді?»<br>**Шарты:** тәрбиеші аңдардың аттарын атайды, ал балалар олардың жүрісін салады**.** | **Пж ойын: «Санамақ айту»**<br>**Шарты:** Саусақтарымен қимыл көрсету арқылы жасайды<br>Бессаусақ<br>Ал санайық санамақ,<br>Саусақтарға қарап ап.<br>Кәне-кәне санайық,<br>Санын біліп алайық<br>1,2,3,4,5,-еу<br>Қолымда саусағым менің нешеу? | **Пж ойын: «Не жоқ?»**<br>**Шарты:** Үстелдің үсіндегі жоқ заттарды табады. | **Құрылымдалған ойын: «Қиындыларды дұрыс бөл»**<br>**Шарты:** Қиынды зуреттерді<br>түсі мен ұзындығы бойынша айырады және бөледі. | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.<br>қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Әділмен жеке жұмыс. | **Жеке баламен жұмыс**.<br>«Пішінін тап»<br>Елназды пішіндерді ажыратуға үйрету. | **Балалармен жұмыс**<br>«Не дыбыстайды?»<br>Балалардың ненің қалай дыбыстайты-нын білуі, айтуы керек. | **Балалармен жұмыс «Ойлан, тап»**<br>Кеңістіктегі заттардың қайда орналасканын айтады. | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру | | | | |

**ЦИКЛОГРАММА**
*2 апта Қаңтар 2022 ж*
**Орта топ**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың қабылдау бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс Ата – аналармен күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. әңгімелесу Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )** | **Еркін ойын:** «Мозайка» Шарты: Суреттерді сандармен сәкестендіреді. | **Еркін ойын: «Көлеңкесін тап»** **Шарты:** Қысқы киімдердің көлеңкесін тауып, орындарына орналастырады. | **Құрылымдалған ойын: «Бірдей заттар»** **Шарты:** Суреттердің ішінен бірдей суреттерді топтастырып атауын атайды мыс: жануарлар, жемістер. | **Құрылымдалған ойын: «Аққала».** **Шарты:** Геометриялық пішіндерден аққаланы құрастырады. | **Еркін ойын: «Соқыртеке»** **Шарты:** Көздерін байлап, тығылған балаларды табады. |
| **Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)** | **Ритмикалық жаттығу.**<br>**«Мысық»** жуынады.<br>Терезеге шығып ап,<br>Жуды мысық құлағын.<br>1,2,3- кәне қайтала.<br>**«Жылан»** қолды кеуде алдында толқыту.<br>Жер бауырлап асықпай,<br>Жылан жылжып келеді,<br>1,2,3- кәне қайтала.<br>**«Тырна»** бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін белге қойып, бір аяқпен тұру.<br>Күні бойы шалшықтан,<br>Тырна бақа аулайды,<br>1,2,3- тырнаның қимылын<br>Кәне қайтала. | | | | |
| **Таңғы ас** | **Астарың дәмді болсын!**<br>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **Пж ойын:** «Ойнайықта, ойлайық»<br>Шарты: Достарының киген киімдерін және қандай түсті екенің айтады. | **Құрылымдалған ойын:** «Салыстыр»<br>Шарты: Түстері бірдей заттарды салыстырады. | **Пж ойын:** «Ойлан, тап!»<br>Шарты: Қыс мезгіліне байланысты жұмбақтарды шешеді. | **Құрылымдалған ойын:** «Шырша».<br>Шарты: Геометриялық пішіндерден шырша құрастырады. | **Еркін ойын:** «Қима суреттерді құрастыр»<br>Шарты: Қима суреттерді құрастырып, не шыққанын айтады. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған оқу кестесі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қуыршақ серуенге шығады»<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Қысқы киімдермен танысады (киім,аяқ киім); сөздерде дауысты және кейбір дауыссыз (п-б, т-д, к-г, ф-в,с-з-ц) дыбыстарды анық айтады.<br>**Пж ойын:** «Қандай киім?»<br>**Шарты:** Әткеншек әдісі арқылы суреттегі киімдерді айтады<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою,нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын:** «Кім жылдам?»<br>**Шарты:** Венн диаграммасы арқылы жаздық және қыстық киімдерді бөліп орналастырады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады* | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Ұзын-қысқа. Беттестіру және тұтастыру тәсілдері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.<br>**Пж ойын:** «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»<br>**Шарты:** Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою,нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын:** | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Қар жауып тұр»<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қағазды умаждау арқылы жауған қарды жасай ды , ұсақ қол моторикалары дамиды.<br>**ПЖ ойын:** «Артығын тап».<br>**Шарты:** Балаларға суреттері бар конверт таратылады. Балалар қыс мезгіліне жаптпайтын құбылыстарлы табады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік, саралаудың диалог,сұрақ қоюқызығушылық мүдде).*<br>**Құрылымдалған ойын:** «Қысқы көрініс»<br>**Шарты:** Қар жауып тұрған қыс мезгілін қағаздарды умаждау арқылы бейнелейді.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік,креативтілік, командалық; саралау заттық кеңістіктік дамытушы орта, қызығушылық мүдде, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Қыс мезгілі»<br>**Шарты:** Қыс мезгілінің | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: «Шыршамызды әсемдейік»<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Жаңа жыл мерекесі туралы білімдері дамиды, заттардың пішіні мен көлемін ескере отырып заттарды орнымен орналастырады..<br>**Пж ойын:** «Қандай мейрам»<br>**Шарты:** Суреттерге қарап қандай мереке екенің айтады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою,нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын: «Әдемі шыршалар»**<br>**Шарты:** Үлгі бойынша ақ қағаз бетіне дұрыс орналастырып, шыршаны әсемдеп, безендіреді.<br>*Бақылаудың жанама түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау,* | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Қар жамылған ағаштар»**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Балалардың қыс мезгілі туралы білімдері кеңейеді. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінеді. Ағаштардың бейнесін дұрыс бейнелейді, дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы, суретке қарап әртүрлі түстерді байқайды, олардың түсін ажыратады, ойлау қабілеттері дамиды.<br>**ПЖ ойын: «Жауабын тап»**<br>Жұмбақ жасыру. Жапалақтап жауады,<br>Жердің бетін жабады.<br>Бұл не аппақ матадай?<br>Қанеки, кім табады?<br>(Қар)<br>Балалар жұмбақ,<br>айтады: 1. Қанттай аппақ,<br>Мамықтай жұмсақ.<br>(Қар)<br>2. Суға батпайды,<br>Отқа жанбайды.<br>(Мұз)<br>3. Тікен – тікен тік пісте,<br>Қысы - жазы бір түсте.<br>(Шырша)<br>**Шарты:** Жұмбақтардың жауабын шешеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (*4К моделі, сыни ойлау, командалық; коммуникативтілік, саралау педагогтің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға қолдау көрсету; диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>**Еркін ойын: «Қуыршақты киіндіреміз»**<br>**Шарты:** Қуыршақтарын киіндіріп ойнайды.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>(Маманның жоспары бойынша) | **«Суреттің екінші бөлігін тап»**<br>Шарты: Үстелдегі үлестірмелі қағаздардағы суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын табады.<br>*Бақылаудың тікелей түрі қолданылады*<br>(*4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік, командалық; саралау педагогтің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға қолдау көрсету; диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>Еркін ойын: **«Не ұзынырақ, қысқа, жуанырақ, жіңішкерек»**<br>Шарты: Балалар заттарды кему ретімен орналастырады. Түстері бірдей, көлемдері, ұзындықтары әртүрлі заттарды топтастырады.<br>**2. Музыка**<br>(Маманның жоспары бойынша) | суреттерін қалаған ресурстарымен бояйды.<br><br>**2. Орыс тілі** (Маманның жоспары бойынша)<br>**Дене шынықтыру**<br>(Маманның жоспары бойынша) | *коммуникативтілік, кретивтілік; саралау педагогтің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға қолдау көрсету заттық дамытушы орта; диалог, сұрақ қою, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Шыршаны безендіреміз»<br>**Шарты:** шыршаны безендіреді.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді»**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Табиғат құбылыстары туралы түсініктері қалыптасады, қыс мезгіліндегі табиғатты бақылайды.<br>**ПЖ ойын: «Иә, жоқ»**<br>**Шарты:** Қыс мезгіліне байланысты сұрақтарға иә, жоқ деп жауап береді<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою, нәтиже).*<br>**Құрылымдалған ойын: «Сиқырлы суреттер»**<br>**Шарты:** Алдыларындағы пазл бөліктерінен сурет құрастырады және әңгіме | *Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>*(4К моделі, сыни ойлау,коммуникативтілік дағдысы, сарлаудың жыодамдық, уақыт; қызығушылық мүде, диалог, сұрақтар қою).*<br>**Құрылымдалған ойын: «Қысқы ағаштар»**<br>**Шарты:** Топқа бөлініп қысқы ағаштарды дәстүрден тыс әдісін пайдаланып(бастыру, шашырату) салады.<br>(*4К моделі, сыни ойлау, креативтілік, коммуникативтілік, креативтілік; саралау заттық кеңістіктік дамытушы орта, қызығушылық мүдде, нәтиже).*<br>**Еркін ойын:** «Менің көшемнің ағаштары»<br>Шарты: Мақта таяқшаларымен ағаштар жасайды.<br><br>**2. Музыка**<br>(Маманның жоспары бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрады.<br>*Бақылаудың жаппай түрі қолданылады*<br>(*4К моделі, сыни ойлау,коммуникативтілік, саралау заттық кеңістіктік дамытушы орта, қызығушылық мүдде, диалог, сұрақ қою).*<br>**Еркін ойын:** «Қыс қызығы»<br>Шарты:дәстүрден тыс әдістерді пайдаланып қыс мезгілінің суретін салады.<br>**Дене шынықтыру**<br>(Маманның жоспары бойынша) | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| **Серуен** | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**<br>*Мақал-мәтел.* Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>*Бақылау:* Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудартну. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі | **Қардың тереңдігін бақылау.**<br>*Жұмбақ*<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>*Бақылау:*<br>Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар | **Қардағы іздерді бақылай білу**<br>*Көркем сөз* Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз.<br>*Жұмбақ* Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>*Бақылау :* Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін | **Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>*Бақылау:*<br>Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау**<br>*Мақал-мәтелдер* -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек.<br>*Бақылау:* Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аударту. Бұған бізге аула тазартушы көмектеседі. Балалардан аула тазартушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. ААғаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>*Қимылды ойын:* **«Аю апанында»** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>*Еңбек:* Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>*Өз бетімен ойындар*: Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | аудару.<br>*Қимылды ойын:* **«Ақшақарды ізде »** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>*Еңбек:* **Гүлзарың орнына жинастыруды ұйымдастыру.**<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>*Өз бетімен ойындар:*<br>Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | дамыту.<br>*Қимылды ойын*: **«Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br>*Еңбек:* Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету.<br>*Өз бетімен ойындар:* Ойын барысында балалар ойын ережесін сақтауға,орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсінушілік болуын қадағалау). | қатыра,сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>*Қимылды ойындар:* **«Бірінші бол»** Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br>*Еңбек:* **Мұзды жол әзірлеу.** Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену.<br>*Өз бетімен ойындар:* Балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын | кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу<br>*Қимылды ойын:* **«Кім күшті?» (**қазақтың ұлттық ойыны) Жаттығу жасау барысында еңбектену-жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу.<br>*Еңбек:* **Аула сыпырушыға көмектесу** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау).<br>*Өз бетімен ойындар:* Біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап бере алуға тәрбиелеу, ойын әрекетін ұйымдастыруға талпындыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жетілдіру. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | «Ешкі мен түлкі» ертегісін оқып беру | Баяу музыка тыңдайды | «Бауырсақ» ертегісін оқып беру | «Бесік жырын» тыңдайды | «Қызыл телпек» ертегісін оқып беру |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүреді.<br>Білімді кеңейту және мәдени гигиеналық дағдыларды орындайды.<br>І. Төсек үсті жаттығулары.<br>Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау.<br>1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу.<br>2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.<br>3. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп - түсіру<br>4. Шаңғы жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу.<br>5. Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру.<br>6. Мейірімді мысық. Белді бүгіп, басты жоғары көтеру**.** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Пж ойын :** «Оң және сол» Ойынның шарты: үлкен және аз заттарды ажыратады және қай жақта орналасқанын табады | **Пж ойын** «Жоғарыда-төменде **»** **Шарты:** Ойыншықтардың қай жақта жатқанын табады | **Еркін ойын:** **«Зәулім үйлер»** Шарты: құрастырғыштармен ойнайды | **Құрылымдалған ойын:** **«Кімнің заттары**?» Шарты: достарының заттарын анықтайды | **Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «**Түлкі мен ешкі» әңгімесі |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Балалармен жұмыс** Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс»(сурет қарастыру) Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | **Жеке баламен жұмыс:** «Атын атап бер» Амирдің түсті қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **Жеке баламен жұмыс:** Фатимамен нүктелі құрастырғыштармен үй құрастыру | **Жеке баламен жұмыс:** Амирмен сөйлеуді дамытудан «Мен көмекшімін» тақырыбында әңгімелесу | Балалармен жұмыс «Әлеуметтік» Бағдаршамның белгілерін ажыратады, көшеде ережелерін біледі |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру | | | | |

**ЦИКЛОГРАММА**

***I апта Қаңтар 2022 ж***

**Орта топ**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың қабылдау бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс Ата – аналармен күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. әңгімелесу Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )** | **Құрылымдалған ойын: «Сәйкестендір»**<br>**Шарты:** Суреттегі үй жануарларын төлдерімен сәйкестендіреді. | **Еркін ойын:** « Көлеңкесін тап»<br>**Шарты:** Жабайы аңдардың көлеңкесін табады. | **Құрылымдалған ойын:** «Ыстық орындық»<br>**Шарты:**Үй жануар мен жабайы жануарлардың жүрісін салу арқылы табады.. | **Еркін ойын: «Қоршау»**<br>**Шарты:** Құрастырғыштармен үй жануарларына қоршау жасап ойнайды. | **Еркін ойын:** «Ертегілер елінде»<br>**Шарты:** Саусақ театр арқылы ойнайды |
| **Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)** | **«Бауырсақ»**<br>**Мен бауырсақ, бауырсақ**<br>Балалар басын оңға,солға иеді;<br>**Мен сары бауырсақ,**<br>**Қаймақ қосып иленген,**<br>Саусақтарды ашып жабу,<br>Қолды жоғары- төмен түсіру.<br>**Пеште пісіріп, терезеде суытқан.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отырып аяқ ұшына көтеріле қолды жоғары көтеру.<br>**Атамнан да мен қаштым,**<br>**Әжемнен де мен қаштым,**<br>Орнында жүру.<br>**Қояннан да құтылдым,**<br>**Қасқырдан да құтылдым.**<br>Екі аяқпен орнында секіру.<br>**Аюдан да мен қаштым,**<br>Аяқты алшақ қойып, қолды екі жаққа қою.<br>Оңға, солға тенселу.<br>**Қу түлкі алдап, мені жеп қойды.**<br>Терең тыныс алу, тез дем шығару. | | | | |
| **Таңғы ас** | **Астарың дәмді болсын!**<br>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **Пж ойын:** «Қайтала»<br>Шарты: Педагогтың артынан қайталайды.<br>Мышым, мышым, мысығы<br>Екі көзді қысығым.<br>Ол ақылды, ол батыр,<br>Көрдім талай қызығын.<br>Ә.Баубеков**.** | **Пж ойын:** «Керісінше айт»<br>Шарты: Сөздерді керісінше айтады.(ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, биік-аласа) | **Құрылымдалған ойын**: «Ойлан, тап»<br>Шарты: Табиғат құбылыстарын жыл мезгілдеріне сәйкестендіреді. | **Еркін ойын:** «Көкөністер мен жемістер»<br>Шарты: Жемістер мен көкөкністерді бөліп жинайды. | **Құрылымдалған ойын:** «Айырмашылығын тап»<br>Шарты: Аққалалардың айырмашылығын табады. |
